

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 9 сәуір N 392. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1119 қаулысымен ~P041119

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 29, 256-құжат):

аталған қаулымен бекітілген Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп және аудит методологиясы департаменті" бөлімі мен реттік нөмірі 408-жол алынып тасталсын;

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі" бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 25-7-жолмен толықтырылсын:

"25-7 "Есеп" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (шаруашылық жүргізу құқығында) Алматы қаласы";

2) < * >

3) "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 6 наурыздағы N 207 қаулысына:

аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің құрылымына:

"Бухгалтерлік есеп және аудит әдістемесі департаменті" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Бухгалтерлік есеп және аудит методологиясы басқармасы";

"Персоналмен жұмыс істеу жөніндегі басқарма" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Кадр және ұйымдастыру жұмысы департаменті";

аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің

қарауындағы ұйымдардың тізбесі мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

" Е с е п " р е с п у б л и к а л ы қ
м е м л е к е т т і к к ә с і п о р н ы " .

ЕСКЕРТУ. 1-тармағындағы 2)-тармақшасының күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999.07.23. N 1046 қаулысымен.

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 25 тамыздағы N 1279 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 40, 372-құжат) күшін жойды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі